



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Сөзжасам да, лексикология да сөздің мағынасын зерттейді. Бірақ екеуі сөз мағынасын әртүрлі қырынан қарастырады. Бұл арада екеуінің сөз мағынасын зерттеу мақсатының түрлілігіне қарай олар бір-бірінен ерекшеленеді.

Сөзжасам сөз мағынасын жалпы лексикалық мағына ретінде емес, сөзжасамдық мағына ретінде қарастырады. Анығырақ айтсақ, ол туынды сөз мағынасының қалай жасалғанын зерттейді. Туынды лексикалық мағынаның қандай негіз сөздің мағынасы арқылы жасалғанын анықтамайынша, сөзжасамдық мағынаны белгілеу мүмкін емес. Бұған қатысты 2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасында» былай деп жазылған: «Туынды сөз жасалғаннан кейін, лексикологияның нысанасына айналады, өйткені ол тілдегі басқа сөздер қандай қызмет атқарса, олар да сондай қызмет атқарады. Бұл ретте сөзжасам мен лексикологияның байланысы анық байқалады» [7, 194].

Сөзжасам негіз сөзден туынды сөздердің жасалу процесін зерттейді. Ал ол – сөзжасамдық ұяда жасалған туынды сөздердің бәрі тілдің сөздік құрамына кірген лексемалар, сөздер. Әр туынды лексема тілдің лексикалық жүйесінен орын алумен бірге, ондағы семантикалық топтарға да қосылып, олардың құрамын кеңітіп отырады. Олардың мағынасы ұқсас болғанымен, тұлғасы әртүрлі болып келеді.

Туынды сөздің жасалуына негіз болған сөз де, негіз сөз арқылы жасалған туынды сөз де лексикология үшін жалпы сөз ретінде оның зерттеу нысаны болады. Ал сөзжасам үшін оның жасалу жолы маңызды.

Қорытындылап айтқанда, тіл біліміндегі сөзжасамдық бірліктердің тілдің басқа салаларымен тұтастық (интеграциялық) сипаты сөзжасам деңгейінің біртұтас жүйе екенін айқындайды. Егер де осы кезге дейін тіліміздің дәстүрлі фонетика, лексикология, морфология, синтаксис т.б. салалары тілдік таңбаны талдау шеңберінде ғана болған болса, қазіргі кезде оларды бірін-бірімен сабақтастыра, байланыстыра, теңдестіре зерттеу олардың зерттеу шеңберлерін кеңейтіп, интеграциялық үдерістерге жол ашуда.

Лингвистика ғылымын жалпы адамзат атаулыға тән өзге құралдар қатарында қарастырған ғалымдар оның даму заңдылықтарын өзге де салалармен, құбылыстармен сабақтастыра дәйектеп, тілдік бірліктерді адамзат тілінің табиғи бастауымен, жасалу, жүзеге асу нормаларымен байланыстырудың, жаңаша қырынан қараудың маңызы зор екенін айтады.

Қолданылған әдебиет

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он томдық. 7-том. – Алматы, 2011. - 752 б.
2. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2005. – 440 б.
3. Жаналина Л.Қ. Актуальные проблемы языкознания. Теория. Учебное пособие. – А.: Print-S, 2006. – 330с.
4. Жаналина Л.Қ. Интегративное словообразование: Монография. – А., 2011. – 492 с.
5. Салқынбай А. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2007 – 192 б.
6. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.
7. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

ӘӨЖ 81'373:32

САЯСИ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Рысқұлова Мадина Әбілсейітқызы

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс магистранты
Астана, Қазақстан

Тіл – қоғам дамуының айнасы. Атап айтқанда, ғылым мен техниканың қарқынды дамуы, қоғамдық, саяси, мәдени және экономикалық өзгерістер және жаңалықтармен бірге жаңа ұғымдар да толассыз қолданысқа еніп жатыр. Осымен байланысты жаңа ұғымдарды атау, жаңа термин жасау үдерісі қазіргі таңда бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамып, термин шығармашылығы өрісінде белсенді әрекеттерді талап етуде. Саяси-әлеуметтік өзгерістермен бірге ұлттық сана да жаңғырды, ұлттық тілдің қалыптасу, даму тарихы ұлттық тілді дамытудың болашақ бағыттарына сай үрдісін тереңірек зерттеп, анықтауды қазақ тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі ретінде белгілейді. Соған сәйкес ұлттық құндылықтардың ең негізгісі – ана тілін ғылым тіліне айналдыру үдерісі жандана бастады. Осы жолда тілдің даму тарихын зерттеп, термин қалыптастырудың тәжірибесіне үңіліп, оның озық жақтарын басшылыққа алу, бүгінгі қажетімізге жарату – маңызды міндет.

Білім беру және өнер саласындағы алғашқы қадам терминдерден басталады. Терминдер – білім беру және өнер салаларының ауыр жүгін арқалаушы сөздер. Қандай да бір ғылым саласындағы білім беруді тереңдетуде және мамандандыруда терминдердің алатын орны ерекше. Белгілі бір салада ілгерілеу сол саланың мәнін ашатын түсініктер мен ұғымдарға тікелей байланысты.

Әр білім саласының өзіне тән ерекшелігі бар. Қолданылатын сөздерге өзінің мағынасына сай жеке термин сөздерін қалыптастырады. Терминдер – білім беру, өнер, мамандық салаларымен байланысты ерекше бір ұғымның орнына қолданылатын сөздер.

Термин сөзі қазақ тіліне латын тілінен аударғанда «terminus» сөзінің орысша баламасы «termin» деген мағынаны білдіреді. «Термин» – латын сөзі. Алғашында бір заттың шегі, географияда да шекара мағынасында қолданылған. Қазіргі таңда көбінесе тіл саласында айтылып жүр, жаңа ерекше бір ұғым мағынасында да қолданылады. Термин көбінесе бір сөзден, кейде бірнеше сөзден де жасалады. Саясат, экономика деген жай сөздер болып табылады, ал бұл сөздерден құрылған *саяси экономика, жаңа экономикалық саясат* деген сөздер термин ретінде қолданылады. Терминдер басқа бір заттардың аты ретінде кездеседі. Терминдер мағынасын өзгертпестен күнделікті жазуда да, жалпы қолданыста да бірдей мағынада қолданылады. Терминдер көбінесе қысқа және нұсқа мағынада болады. Термин ерекше ұғым, мағынасы бар сөздер, бірнеше сөзден құрылған сөз тіркесі, белгілі бір ұғымның өзгеріске ұшырамаған сөздер мен сөз тіркестері. Бір білім саласына тән түсініктер жиынтығы осы саланың термині ретінде саналады [1, 19].

Тіл мен техниканың дамуына байланысты үнемі сала терминдері де толығып отырады. Терминдердің пайда болуы, жаңа түсініктер мен жаңа ұғымдардың тууына әсерін тигізеді. Терминологиялық жүйеде жаңа атауыш сөздердің қолданысқа енуі, белгілі бір салалық бағыт арқылы жүзеге асады.

Ғылымның дамуы, жаңа ғылыми ұғымдарды туғызады, техниканың әр саласының өсуі, өрбуі өмірге жаңа заттар, өнімдер әкеледі. Олар жаңа атауларды қажет етеді. Ол өмірдегі әдебиет, мәдениет, өнер, саясат сияқты сан алуан салаларға да қатысты. Осымен байланысты термин, терминология мәселелері пайда болған және ол бір тілге ғана қатысты емес, тіл атаулыға қатысты мәселе. Ғылым мен техниканың, өндіріс пен өнердің сан түрлі салалары болатындығы белгілі. Адам қызметінің алуан түрлі сондай арнаулы салаларындағы деректі және дерексіз ұғымдардың атаулары мыңдап саналады. Сондай белгілі бір арнаулы сала атауларының жиынтығын – *салалық терминология* деп атайды. Мұндай терминдер жиынтығын *география терминологиясы, физика терминологиясы, математика терминологиясы, музыка терминологиясы, саяси терминология* деп өз саласының атымен қосып нақтылап та атай береді. Бұл салалардың атауларын негізінен осы салалардың мамандары жасайды. Олар сол салаларды зерттеуші ғалымдар немесе практик мамандар болуы мүмкін. Ғылыми әдебиеттерде оларды көбінесе салалық мамандар деп атау дәстүрі бар.

Қазіргі күні саясаттану ғылымның маңызды салаларының біріне айналып отыр. Саясат

мәселесіне қатысты әлем елдерінде күн санап мыңдаған түрлі оқулықтар, арнайы әдебиеттер, ғылыми басылымдар жариялануда. 2007 жылы Жүйелі зерттеулер институтының ғалымдары негізгі саяси терминдер мен сөздерге түсініктеме беретін қазақша саяси түсіндірме сөздік жасады [2]. Саяси түсіндірме сөздікте қазіргі әлемдік саясатта қолданылып жүрген терминдер мен ұлттық төл тарихымызға тән ұғымдар жүйеленіп, оларға барынша жан жақты түсініктеме беріліп, ғылыми тұрғыда талдау жасалып сараланған. Әлемдік саясатта өзіндік мектеп қалыптастырған саясаттанушылар мен еліміздің саяси өміріне белсене араласқан тарихи тұлғалар да қамтылған. Сөздікте екі мыңнан астам терминдер мен атаулар енгізіліп алфавиттік ретпен орналастырылған. Мұндай жинақ қоры елімізде де аз емес. Десек те, осы саясаттану саласында, әсіресе, екі ел арасында саяси қарым-қатынас орнатуда, келісім-шарт жүргізуде қолданыс тауып жүрген саяси терминдер әлі күнге дейін біріздендіріліп, жүйеленген жоқ.

Оксфорд саясаттану қысқаша сөздігі 2001 жылы қазақ тілінде шықты [3]. Бұл сөздікті Уорик университетінің саясаттану және халықаралық зерттеулер кафедрасының саясаткер ғалымдары мен саясаттану теоретиктері құрастырған. «Саясаттану»- тіршілік қызметті баяндап қана қоймай, сол қызметті зерттейтін терминдердің бірі. Бұл сөздікте саясаттану мәселелері жөніндегі ғылыми еңбектердегі тұжырымдамалар, адамдар, институттар туралы түсінік берілген.

Ш.Құрманбайұлы терминжасам тәсілдерінің төрт түрін көрсеткен [1]. Осы тәсілдер бойынша жасалған саяси терминдерге назар аударып көрелік:

1) синтетикалық (морфологиялық) тәсіл: Еуразияшылдық, елшілік, көсемшілдік, пассионарлық, толеранттық т.б.

2) аналитикалық (синтаксистік) тәсіл: биосаясат, ғылыми-техникалық төңкеріс, дәстүрлі қоғам т.б.

3) терминдену (лексика-семантикалық) тәсілі: ел, диктатор, сайлау, нарық т.б.

4) калькалау тәсілі: азаматтық, мәртебе, халықаралық т.б.

Алайда, бұл қағидаларға сүйеніп, мағынасына қарай саяси термин жасау жайы ақсап тұр. Себебі, баспасөз беттерінде жарияланып жүрген, жалпы қолданыстағы саяси терминдердің көпшілігі мамандардың пікірінше калькалау жолымен жасалған. Әдетте мағынасына қарай аударылған сөздер азырақ, сол күйінде қабылдау көбірек, ал сөз тіркестері негізінен калькалау арқылы аударылады. Саяси терминдерді сол бастапқы қолданыс тілінде айту уақытты үнемдейді, бірден іске бағыттады және күрделі мәселелерді айналып өтіп жедел шешім қабылдауға мүмкіндік береді деген пікір бар. Әрине, бұл дұрыс емес, бірақ саяси терминдердің екі немесе одан да көп мағынасы және оны білім дәрежесіне қарай қабылдау ерекшелігі де болғандықтан араласуға, түсінісуге оңай. Иә, терминдер қаншалықты аударылса да, қолданыс таба алмауы – басты мәселелердің бірі. Саяси терминдер сөздігінің баспа бетін жарық көргені белгілі.

Қазір саяси термин түгілі, басқа салаға да қатысты терминдердің қазақша баламасын қолдануда өте көп күлкілі жағдайлар немесе тараптардың бір-бірін түсінбеуі орын алып отырады. Сондықтан үнемі орыс тіліндегі баламасын айтып түсіндіру кеңінен таралып бара жатыр.

Тілімізде көбінесе шет тілдерден енген терминдердің орысша баламасын қабылдай салу кең етек жайған. Ана тілімізде ол сөздердің баламасын табуда туысқан түрік ұлтынан үлгі алуымыз керек сияқты. Осы жерде жалпы түркі халықтарына ортақ термин жасау мәселесінің де бір ұшы көрініп қалады.

Еуропа, қазақ, түрік, орыс тіліндегі саяси терминдерді салыстыру барысында төмендегі кестені жасадық.

Еуропа тілдерінде	Орысша	Қазақша	Түрікше
Dictator (лат. бұйрық беру) – шексіз билікке ие, заңды аяққа таптап, күш қолдану арқылы мемлекет билігін өз қолына шоғырландырған билеуші.	Диктатор	Диктатор	Diktatör

Intelligens (лат. саналы, түсінуші) – мәдениетті тарату және дамыту жолында кәсіби деңгейде ой еңбегімен, басым көпшілігінде күрделі шығармашылықпен айналысатын адамдардың қоғамдық бөлігі.	Интеллигент	Зиялы қауым	Entelektüel
Basta (итал. Болды, жетер енді) – жалданбалы жұмысшылардың өз саяси, экономикалық талап-тілектерін жүзеге асыру мақсатында ұйымдасқан түрде бір немесе бірнеше мекемелерде жұмыс істеуді тоқтатуынан көрініс табатын негізгі күрес құралдарының бірі.	Стачка	Ереуіл	<u>Grev</u>
Colonia (лат. қоныстану) – шет мемлекеттің иелігіндегі, саяси және экономикалық дербестігінен айырылған, арнайы тәртіп негізінде басқарылатын ел немесе аумақ.	Колония	Отар	<u>Sömürge</u>
Leader (ағылш.бастаушы) – қоғамдық ұйымның жеке ықпалы әлеуметтік процестерде және жағдайларда, ұжымдағы, топтағы, қоғамдағы қарым-қатынастарды реттеуде маңызды рөл атқаратын кез келген әлеуметтік топтың беделді мүшесі.	Лидер	Көшбасшы	<u>Önder</u>
Neuter (лат. ешқайсысы емес) – ешкімнің тарапына қосылмай қалыс қалу немесе енжар, селкос қарау.	Нейтралитет	Бейтараптық	<u>Tarafsızlık</u>
Urbs (лат.қала) – өндірісті орналастыруда, адамдарды қоныстандыруда, қоғам дамуында қаланың рөлін көрсететін тарихи процесс.	Урбанизация	Урбанизация	<u>Kentleşme</u>

Саяси терминдер негізінен бұқаралық ақпараттар тілінде жиі кездеседі. Алайда, қоғамдық-саяси саладағы терминдердің де жүйесінің бірізді еместігі байқалады. Бұл саладағы терминдердің бір қатары идеологиялық концепцияға тәуелді.

Сондай-ақ бұқаралық ақпарат материалдарында көпмағыналы, синоним терминдер, қысқарған атаулар аз кездеспейді. Мәселен, «ұлтаралық», «этносаралық», «халықаралық» терминдерін журналистер синоним ретінде қабылдаса, саясаттанушылар оның әрқайсысының соңында жеке-жеке теория жатқандықтан еш ауыстыра алмайды. Әлеуметтанушылар үшін «әлеуметтік жік» және «әлеуметтік топ» терминдерінің қазақ тілінде бірегей мағынасы болғанымен мүлде әр түрлі әлеуметтік категория екені белгілі.

2007 жылы жарық көрген «Саяси түсіндірме сөздікте» инспирирование [2, 253], spoil system [2, 539] сынды терминдер мүлдем аударылмаған.

Саяси терминдерге қатысты қазақ тілінде сөздіктен өзге зерттеулер жоқ. Бұл саладағы терминдер өзектілігі мәселесін көтеру, біріздендіру, әсіресе, тіл мамандарының алдындағы үлкен міндет.

Кейінгі жылдары ұлт тілінде термин жасау ісі де біршама жандана бастауына байланысты терминжасамның ұлттық үлгілерін (модельдерін) қалыптастырудың қажеттілігі де айқын аңғарылып отыр. Тіліміздегі кейбір қосымшалардың арнаулы салалардың терминдерін жасау барысында өнімді пайдаланыла бастағандығын көруге болады. Бір айта кететін нәрсе – қазіргі термин шығармашылығы өткен ғасыр басындағы термин жасау

тәжірибесіне табан тіреп отырғандығы. А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының термин жасау үлгісімен туындап жатқан көптеген жаңа терминдер соның дәлелі бола алады. Бұл - үзіліп қалған ұлттық терминжасам дәстүрінің араға біраз уақыт салып барып қайта жалғасын табуы.

Кез келген тілдің терминжасамына негіз болатын екі көзі бар. Оның бірі – ұлттық тіл, екіншісі – өзге халықтардың тілдері. Алғашқысы – терминжасамның ішкі көзі, кейінгісі – сыртқы көзі. Терминологиялық лексика әр халықтың өз әдеби тілі негізінде түзіледі.

Ана тіліміздің мәртебесін жоғарылату үшін түрлі ғылым салалары бойынша терминжасам бағытында игілікті іс-шаралар жүргізіліп жатса да, бұл маңызды мәселені жүзеге асыру барысында түйткілдер жеткілікті.

Термин сөздер – ұлттық тіліміздің бір саласы. Сондықтан терминжасамда да ұлттық тілдегі сияқты бір жүйенің болуы – басты талаптың бірі. Бірақ мұндай жүйелілік бүгінгі күнге дейін қалыптаса алмай келеді.

Терминология кең мағынасында адамның кәсіптік қызмет саласындағы қолданылатын арнаулы лексиканы қамтитын, тілдің сөздік құрамының бөлігі. Терминология – арнаулы сала ұғымдарының жүйелік ерекшелігін көрсете отырып, оның коммуникативтік қажеттігін өтеуге қызмет ететін атаулар жиынтығы.

Қорыта келе терминдер тілдегі сөздерден, тілдік басқа да бірліктерден жасалып, белгілі мағынада қарым-қатынас құралы қызметін атқарады. Сондықтан терминдер тілдік лексикалық бірлік болып саналады. Терминдер ғылыми-техникалық ұғымды білдіретін терминология жүйесінің мүшесі ретінде ғылым тілінде жасалады.

Термин терминология жүйесіндегі бір саланың мүшесі болумен бірге, сол ғылым саласының нақты бір ұғымын білдіреді. Сондықтан дәлдік, нақтылық мағына терминнің бір қасиеті, белгісі болып саналады.

Қолданылған әдебиет

1. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 бет.
2. Саяси түсіндірме сөздік/ құраст. авт. Е.Саиров, Б.Әбдіғали, Т.Жабелова, Д.Әлібек.- Алматы: Жүйелі зерттеулер институты, 2007.- 616 бет.
3. Оксфорд қысқаша сөздігі. САЯСАТТАНУ. –Алматы, ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2001, -424 бет.

ӨӨЖ 811.512.122'373: [61:001.4]

ҚЫЗҒА ҚЫРЫҚ ҮЙДЕН ТЫЮ ДӘСТҮРІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ КӨРІНІСІ

Садуақасова Шахинұр

87028833396@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, Қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ.Өмірбекова

«Шығыс халықтарының арасында,
жалпы мұсылман елдерінде әйел затын
бөлекше бағалайтын, қарындасты қатты
қастерлейтін халықтың бірі де, бірегейі де
біздің қазақ».(Н.Назарбаев)

Иә, тамыры терең тарихымызға көз жібертсек, қалай айтса да дөп айтатын, қатты айтса да қалт айтпайтын дана халқымыз әйел затын қай заманда болмасын байлығым, барлығым деп таныған. Қыз – ұлттың айнасы, тіршіліктің күретаыры деп біліп, «тәрбие басы – тал